


МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІМЕН!



Құрметті зауыттықтар, ардагерлер және әріптестер!

Сіздерді кәсіби мереке – мұнай-газ кешені қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«Атырау МӨЗ» ЖШС – облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан, елдің ішкі нарығын қажетті мұнай өнімдерімен қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды кәсіпорындардың бірі. Зауыттың тұрақты жұмысы мен өндірістік көрсеткіштерінің артуы – ең алдымен, әр қызметкердің кәсіби білімі, жауапкершілігі мен табанды еңбегінің нәтижесі.

2026 жылдың алғашқы алты айындағы өндірістік көрсеткіштер ұжымымыздың жоғары әлеуетінің айқын дәлелі. Есепті кезеңде 2 млн 841 мың тонна шикізат өңделіп, жоспар 101% - ға орындалды. Тауарлық өнім өндіру көлемі де мейлінше көрсеткіштерден асыра 105% және 113% - ға атқарылды.

Мұндай нәтижелердің әрқайсысының артында – тәулік бойы өндірістің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп жүрген мыңдаған маманның еңбегі бар. Сондықтан өндірістік бағдарламаны орындауға атсалысқан барша қызметкерге шынайы алғысымды білдіремін. Алдымызда зауыттың әлеуетін арттыруға, технологиялық процестердің тиімділігін көтеруге және кәсіпорынның ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды міндеттер тұр. Бұл жұмыстарды абыроймен атқаруға біздің ұжымның білімі, тәжірибесі және кәсіби шеберлігі жеткілікті деп сенемін.

Зауыт ардагерлеріне кәсіби дәстүрлерді қалыптастырып, кейінгі буынға аманат еткен еңбектері үшін ерекше ризашылығымды білдіремін. Сіздердің өнегелеріңіз – бүгінгі ұрпақ үшін үлкен мектеп.

Құрметті әріптестер! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Әр бастамаңыз сәтті болып, маңдай термен атқарған еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер! Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Зауыттың абыройы асқақтап, өндірістік жетістіктеріміз еселене берсін!

«Атырау МӨЗ» ЖШС Бас директоры

Мұратжан МҰСАЙБЕКОВ

Уважаемые заводчане, ветераны и коллеги!

От всей души поздравляю вас с профессиональным праздником – Днём работников нефтегазового комплекса!

ОО «АНПЗ» - одно из стратегически важных предприятий, вносящих значительный вклад в социально-экономическое развитие нашего региона и обеспечивающих внутренний рынок страны необходимыми нефтепродуктами. Стабильная работа завода и рост производственных показателей – прежде всего результат профессионализма и самоотверженного труда каждого сотрудника.

Производственные показатели за первые шесть месяцев 2026 года – яркое свидетельство высокого потенциала нашего коллектива. За отчетный период переработано 2 млн 841 тыс. тонн сырья, план выполнен на 101%. Объем производства товарной продукции также превысил намеченные показатели, составив 105% и 113%.

За каждым из этих результатов стоит труд тысяч специалистов, обеспечивающих круглосуточную стабильную работу производства. Поэтому выражаю искреннюю благодарность всем сотрудникам, принявшим участие в выполнении производственной программы. Перед нами стоят масштабные задачи, направленные на увеличение потенциала завода, повышение эффективности технологических процессов и обеспечение долгосрочного развития предприятия. Уверен, что знаний, опыта и профессионализма нашего коллектива достаточно, чтобы достойно выполнить эту работу.

Выражаю особую признательность ветеранам завода за труд, создание профессиональных традиций и передачу их последующим поколениям. Ваш пример – большая школа для сегодняшнего поколения.

Уважаемые коллеги! Желаю вам крепкого здоровья, благополучия и достатка вашим семьям, а также успехов в труде. Пусть каждое ваше начинание будет успешным, авторитет нашего завода растет и преумножаются производственные достижения!

Генеральный директор ООО «АНПЗ»

Муратжан МУСАЙБЕКОВ

Зауыт тарихы –
ардагерлер жадында



«Японская реконструкция»
спустя 20 лет

Зауыт тарихы – ардагерлер жадында

Қазақстанда мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде аталып өтеді. Биыл 6 қыркүйекте, елдің энергетикалық қуатын еселеп, өндіріс саласының дамуына үлес қосып жүрген мұнай саласының қызметкерлері төл мерекесін атап өтеді. Бұл күн – қара алтынды ел игілігіне жаратып, маңдай терімен өндірістің өркендеуіне үлес қосқан барша маманға құрмет көрсететін айтулы күн. Осы мереке қарсаңында Атырау мұнай өңдеу зауытының тарихында өзіндік қолтаңбасы қалған ардагерлердің жүрекжарды естеліктерін назарларыңызға ұсынамыз.

Өтесін Уандыков: «Зауыттың жаңара бергенін қалаймын»



«Зауыттағы еңбек жолымды 1993 жылы бұрынғы Гурьев химия зауытынан ауысып, бірінші цех басшысының орынбасары қызметінен бастадым. Сол уақыттан бері өндірістегі талай өзгерістің куәсі болдым. Алғашқы жылдары қондырғылардың техникалық құжаттарын ретке келтіріп, мамандардың технологиялық және еңбек қауіпсіздігі бойынша білімін жетілдіруге, қондырғыларды жанартуға атсалыстық. Есте қалған кезеңдердің бірі – 1995 жылы зауыттың 50 жылдығын атап өткеніміз. Мерекелік шараларды ұйымдастыруға қатысып, еліміздің әр өңірінен және Ресейдің ғылыми институттарынан келген қонақтарды қарсы алып, зауытпен таныстырдым. «Мұнайшы» стадионында өткен «Ялла» ансамблінің концерті де әлі күнге дейін есімде. Көрерменнің көп болғаны соншалық, концертке сыймаған жұрт салынып жатқан бес қабатты үйлердің төбесінен тамашалаған еді. Кейін техникалық бөлімде, өндірістік цехта және қоршаған ортаны қорғау саласында еңбек етіп, қондырғыларды жанарту, өндіріс тиімділігін арттыру, ТС-1 реактивті отынын өндіру және ағынды суларды биологиялық тазарту сияқты жобаларға атсалыстым. Осы жылдар маған бір нәрсені анық көрсетті: технология мен техника қанша өзгерсе де, мұнай-газ кешені қызметкерінің кәсіби жауапкершілігі мен қауіпсіздік мәдениеті өзгермеуі керек. Бүгінде зауыт айтарлықтай жаңартып, автоматтандырылған жүйелер енгізіліп, экологияға қойылатын талаптар күшейді. Ең бастысы, өндіріс дами отырып, зауытта еңбек ететін әр адамның амандығы мен қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында тұрса екен деймін.»

Гуляра Утегалиева: «Завод, который меня многому научил»



«За годы работы на заводе было немало историй, которые мы до сих пор вспоминаем с коллегами с улыбкой. Одна из них произошла примерно в 2000 году, когда к нам на практику приехала большая группа студентов Южно-Казахстанского государственного университета. Университет только начинал готовить специалистов по нефтепереработке и нефтехимии, однако студентов привезли без официального письма и необходимых документов. А у нас всё было строго: графики, списки, распределение по цехам, инструктаж и требования безопасности. Мы объяснили порядок и предложили параллельно оформить документы. В итоге практика состоялась успешно, а уже со следующего года все бумаги стали оформлять заранее. Позже сотрудничество с университетом стало постоянным. Представитель вуза даже передавал с каждой группой орехи, изюм и курагу. Мы шутили, что строгое знакомство постепенно превратилось в добрую традицию. Многие из тех студентов впоследствии стали специалистами нефтегазовой отрасли. Важную роль в этом играла система наставничества, благодаря которой молодые специалисты перенимали знания и практический опыт. Я считаю, что технологии могут меняться, но главные качества работника нефтегазового комплекса остаются прежними: ответственность, соблюдение требований безопасности, стремление развиваться, умение работать в коллективе и уважать опыт коллег. Сама я пришла

на завод молодой девушкой, работала аппаратчиком на ТЭЦ, позже занималась подготовкой кадров и управлением трудовыми ресурсами. За годы работы было много проектов, работы с молодыми специалистами и ветеранами. Были и сложные моменты, но сегодня особенно хорошо вспоминаются люди, коллектив и совместные дела. Если представить завод целым, я бы сказала ему: «Несмотря на солидный возраст, ты остаёшься молодым, современным и продолжаешь развиваться». АНПЗ – первенец нефтеперерабатывающей промышленности Казахстана, и я горжусь тем, что многие годы моей жизни связаны с ним. Желаю заводу дальнейшего процветания, новых достижений и развития, а его нынешним и будущим работникам – всегда гордиться своим предприятием. Для меня АНПЗ – не просто место работы. Это большая профессиональная школа, которая дала мне знания, опыт и людей, которых я до сих пор вспоминаю с благодарностью.»

Жаннат Досахова: «Осы зауытта еңбек жолымды бастағаным ешқашан өкінбеймін»



«Мен Атырау мұнай өңдеу зауытына 1985 жылдың шілде айында келдім. Ол кезде Орталық зауыт зертханасының басшысы Рябова Ия Трофимовна болатын. Ол мені өз кабинетінде қабылдап, 4-рядты лаборант ретінде тауар зертханасына жіберді. Сол күннен бастап менің зауыттағы еңбек жолым басталды. Біздің зертхана зауыттан шығатын барлық өнімді сынақтан өткізетін. Зауыттағы жылдардан есте қалған қызықты сәттер де аз емес. Бірде түнгі ауысымда жұмыс істеп тұрдық. Ол кезде бригадада ауысым бойынша аға маман болатын. Бірінші цехтан келген өнімнің талдауларына қатысты мәселе болып, цехтың аға маманы бізден: «Бригаданың заведующийі бар ма?» деп сұрады. Бізде ондай қызмет атауы жоқ, «ауысым бойынша аға маман» деп айтылатын. Сонда біріміз: «Заведующий детским садом что ли?» дегенде, бәріміз бір күліп алдық. Осындай қызықты сәттер ұжымның өмірінде аз болған жоқ. Ең бастысы, біздің Орталық зауыт зертханасының ұжымы әрдайым тату болды. Қиын сәтте бір-бірімізге қолдау көрсетіп, түсіністікпен қарап, бірге еңбек еттік. Заман өзгерді, зауыттың технологиясы жаңарды, жаңа аппараттар мен техникалар келді. Ұжымға жас мамандар қосылды. Бірақ зертхана қызметкерлерінің бір-біріне деген қарым-қатынасы өзгерген жоқ деп ойлаймын. Өзара сыйластық, түсіністік пен қамқорлық – ұжымның басты құндылығы болып қала берді. Мен осы зауытта 40 жылға жуық еңбек еттім. Осы уақыт ішінде түрлі алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен марапатталып, «Зауыт ардагері» атағына ие болдым. Бірақ мен үшін ең үлкен мақтаныш – жас күнімнен осы зауытқа келіп, бар ғұмырымның маңызды бөлігін осында өткізгенім. Егер біреу менен: «Өткеніңді өзгерткің келеді ма?» деп сұраса, мен еш ойланбастан: «Осы зауытта еңбек жолымды бастағаным ешқашан өкінбеймін» деп жауап берер едім. Туған зауытымыз одан әрі жанданып, дами берсін! Барша әріптестеріме еңбектерінің жемісті болуын, дендерінің сау болуын тілеймін. Зауыт әрдайым алға басып, өрлей берсін!»

Иван Балабанов: «На этом заводе работают честные, работающие и трудолюбивые люди»

«Моя жизнь на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе связана с тысячами воспоминаний.



За годы работы было многое: напряжённые смены, выполнение производственных планов, спортивные соревнования, отдых вместе с коллегами и, конечно, случаи, которые до сих пор вызывают улыбку. Один из таких случаев произошёл, когда в операционной появился странный свист. Все сразу насторожились: подобный звук на производстве мог означать что угодно. Мы бросились проверять оборудование, побежали по насосным, пытались найти источник. И только потом выяснилось, что кто-то купил чайник со свистком. Когда вода закипела, этот самый свист и переполошил всю смену. Вот так Василий устроил нам настоящую тренировку по трёхступенчатому контролю. Свою первую зарплату я получил в 1980 году. В то время для меня это было особенное событие. На заработанные деньги я купил электронные часы. Тогда они стоили недешево, поэтому такая покупка запомнилась надолго. За годы работы многое изменилось: техника, оборудование, технологии. Но, на мой взгляд, главное качество настоящего работника нефтегазового комплекса остаётся прежним. У него должен быть железный характер – не бояться трудностей, быть готовым к ответственности и сложным решениям. Но при этом важно оставаться человечным, уважительно относиться к людям и ко всему, что тебя окружает. Если бы сегодня я мог сказать что-то своему родному заводу, то прежде всего сказал бы: «Большое спасибо за то, что ты вырастил нас такими – нормальными, честными людьми.»

Кульшат Аманова: «Әңгіміміз зауыттан басталады»



«Әріптестермен кездескенде алғашқы әңгіміміз міндетті түрде зауыттан басталады. Зауытта өткен жылдарды еске алмай отыра алмаймыз. Себебі бұл жерге жас күнімізде келдік. Осы зауытта отбасын құрдық, балашағалы болдық. Зауыт бізді асырап, отбасымыздың берекесін қамтамасыз етті. Еңбек етуімізге барлық жағдай жасап, алаңсыз жұмыс істеуімізге мүмкіндік берді. Сол үшін зауытқа айтар алғысым шексіз. Ал алғашқы еңбекақымды алған кезде оны өзіме жұмсамай, анама бердім. Бұл мен үшін үлкен қуаныш еді. Меніңше, мұнай саласында еңбек ететін маман үшін ең маңызды қасиет – үнемі білімін жетілдіріп, кәсіби біліктілігін арттыру және өз жұмысында жоғары нәтижеге ұмтылу. Технология мен техника өзгергенімен, маманның ізденісі мен жауапкершілігі ешқашан өзгермеуі керек. Егер зауытты адам ретінде елестетсем, оған ең алдымен: «Маған берген жылдарың, берген наның, берген мүмкіндіктерің үшін рақмет!» дер едім. Ал жас кезімдегі өз бейнеме бүгін қарап тұрсам, өзіме таң қалар едім. «Қандай қиындық болса да, жас болсам да, мықты болыппын» дер едім. Бүгінде сол жылдардың бәрін артқа қалдырып, зейнеткерлікке шығып отырғаным Аллаға шүкір деймін. Зауыттықтарды, мұнай-газ саласы үшін маңдай терін төгіп жүрген барша қызметкерді ресми мерекемен құттықтаймын! Сондай-ақ осы мерекемен тұспа-тұс келетін кәсіпорнымыздың 81 жылдығы да құтты болсын! Зауытқа әрдайым береке, тұрақтылық пен тыныштық тілеймін. Алла қуат берсін, ел игілігі үшін әлі талай жыл абыроймен жұмыс істей берсін!»

На АНПЗ строится новая насосная станция

В рамках комплекса мероприятий по повышению эффективности производства и модернизации технологической инфраструктуры на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе идет строительство новой насосной станции. Данный объект призван решить сразу несколько ключевых задач предприятия: вывести отгрузку автобензинов и авиатоплива на максимальную проектную мощность, повысить технологическую надежность и существенно снизить экологическую нагрузку.



Главная цель масштабного проекта – обеспечение работы действующей автоматизированной установки тактового налива (АУТН) на её полной проектной мощности, которая составит 12,4 тыс. тонн нефтепродуктов в сутки. Реализация проекта позволит оптимизировать существующие схемы налива и полностью вывести текущие наливные операции за пределы основной территории завода. Для каждой группы светлых нефтепродуктов предусматривается установка отдельного резервного насоса, что обеспечит максимальную надежность, исключит простои и гарантирует бесперебойную подачу топлива.

Особое место в концепции новой насосной станции занимает экологическая безопасность. Новая станция будет подавать топливо на АУТН, оснащенную передовой системой герметичного налива. Данная система включает герметизирующую крышку, телескопическую наливную трубу и эффективную линию отвода и улавливания паровоздушной смеси. Такое техническое решение полностью исключает риск загазованности производственных площадок и предотвращает попадание углеводородных паров в атмосферу. Запуск новой насосной станции позволит ежегодно предотвращать потери около 3 тысяч тонн углеводородов, защищая окружающую среду и повышая промышленную безопасность предприятия.

К строительно-монтажному этапу приступили весной 2026 года: 19 марта 2026 года заключен договор с генеральным подрядчиком ТОО «AVC Production», а 20 апреля 2026 года получен официальный талон ГАСК на проведение строительно-монтажных работ.

Сегодня на строительной площадке кипит непрерывная работа. Земляные работы выполнены на 74%, водопонижение с помощью иглофильтровых систем реализовано на 53%, а бетонирование фундаментов под эстакады трубопроводов и устройство железобетонных колодцев завершено на 43%. Строительство канализационных сетей, включая разработку траншей, укладку труб и монтаж колодцев, достигло 32%. Высокую степень готовности демонстрирует насосное здание керосина, где заливка железобетонных фундаментов выполнена на 89%. На парковом хозяйстве керосина стартовал монтаж и сварка технологических трубопроводов (выполнено 6%), а также параллельно ведется забивка шпунта по канализационной линии КЗ. Параллельно со строительством активными темпами продолжается закуп и поставка основного технологического оборудования и материалов.

Ввод нового объекта в эксплуатацию запланирован на 2027 год. Он станет важным элементом обновленной заводской инфраструктуры, гармонично объединяя рост отгрузки светлых нефтепродуктов, технологическую стабильность и высокую ответственность перед экосистемой региона.

МАРАПАТ

Қауіпсіздік – күнделікті жауапкершіліктен басталады

Өндірістегі қауіпсіздік – жазылған талаптарды орындаумен ғана шектелмейді. Ол әр жұмыс күніндегі мұқияттылықтан, жауапкершіліктен және өз ісіне деген кәсіби көзқарастан басталады. Осы ұстанымды нығайту мақсатында «АМАН» жобасы аясында 2026 жылдың II тоқсаны бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі байқау өткізіліп, үздік бөлімшелер мен қызметкерлер анықталды.

Жобаның мақсаты – зауыттағы қауіпсіздік мәдениетін дамыту, еңбек тәртібін нығайту және өндірістік жарақаттанудың алдын алу. Байқауды Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мен кәсіподақ комитеті ұйымдастырады. Оның аясында бөлімшелердің қауіпсіздік талаптарын сақтау деңгейімен қатар, қызметкерлердің осы бағыттағы білімі де бағаланады.

II тоқсанның қорытындысы бойынша «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша үздік өндіріс» номинациясында **Электр цехы** жеңімпаз атанды.

Цех басшысының орынбасары Қайрат Құрманалиевтың айтуынша, бұл жеңіс – бүкіл ұжымның ортақ еңбегінің нәтижесі.

– Бұл біз үшін үлкен қуаныш әрі ұжымымыз үшін мақтанш сезімін сығалаған жетістік. Жеңісіміз бірлескен жұмысымыздың нақты нәтиже беріп отырғанын көрсетеді. Оған қауіпсіздік талаптарын сақтау, қызметкерлердің өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы және цех жұмысын үнемі жетілдіруге ұмтылуы негіз болды, – дейді ол.

Оның айтуынша, цехта қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бірнеше бағытта тұрақты көңіл бөлінеді.

– Ең алдымен, қауіпсіздік ережелерін



сақтауға, персоналды оқытуға, тәуекелдерді талдауға және бұзушылықтардың алдын алуға баса назар аударамыз. Байқауға дайындық кезінде жұмыс орындары, құжаттама, жабдықтар, жұмыс тәртібі және қауіпсіздік талаптарының сақталуы тексерілді. Бұл жұмыстардың барлығы ұжымның бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асты, – дейді цех басшысы орынбасары.

Қайрат Құрманалиевтың пікірінше, цехтың жетістігінде әр қызметкердің үлесі бар. Өйткені қауіпсіздік талаптарын сақтау – бір адамның емес, бүкіл ұжымның ортақ



жауапкершілігі. Цех әкімшілігі жеңіске үлес қосқан қызметкерлерге алғысын да білдірді.

– Барлық қызметкерге жауапкершілігі, кәсібилігі және командалық жұмысы үшін алғысымызды білдіреміз. Бұл жеңіс – әрқайсыңыздың еңбектеріңіздің нәтижесі. Еңбектеріңізге рақмет! – деді ол.

Ал «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша үздік зертхана» атағы «Орталық зауыттық зертхана» сынақ орталығының **Мұнай және мұнай өнімдері зертханасына** берілді.

Жеке номинацияда өз қондырғылары бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткен 30 қызметкер үздік деп танылды.

Жеңімпаздарды анықтауда онлайн тестілеудің нәтижесі маңызды рөл атқарды. 20-21 шілде күндері зауыттың 14 бөлімшесінен 102 қызметкер тестілеуге қатысып, өмірлік маңызы бар қағидалар туралы 50 сұраққа жауап берді.

Үздіктер қатарынан **Мұнай өнімдерін жөнелту учаскесінің есеп операторы Қарышева Динара** да көрінді. Динараның айтуынша, тестілеу болатынын естігеннен кейін бірден дайындыққа кіріскен.

– Тест болатынын естіген бойда, бірден бәрін қарап, дайындала бастадым. Өйткені ең болмаса өту балын жинағым келді. Өз нәтижемді жақсы деп бағалаймын. Бұл марапат менің еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарына жауапкершілікпен қарайтынымды көрсетеді деп ойлаймын, – дейді ол.

Динара үшін марапаттың маңызы да ерекше.

– Еңбегімді жоғары бағалап, «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша үздік қызметкер» номинациясымен марапаттаған басшылыққа шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Мұндай марапат қызметкерлерді қауіпсіздік талаптарын сақтауға ынталандырады. Сонымен қатар жақсы нәтижені атап өту басқа қызметкерлерге үлгі болып, ұжымда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі. Бұл марапат мен үшін үлкен мән-жай, – дейді Динара.

Байқаудың тұрақты түрде өткізілуі қауіпсіздік талаптарына деген назарды күшейтіп, қызметкерлердің білімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Себебі қауіпсіздік – бір реттік науқан емес, өндірістегі әр күннің ажырамас бөлігі. Ал әрбір марапат – қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыруға өз үлесін қосып жүрген қызметкер мен ұжымның еңбегіне берілген баға.

ПРОИЗВОДСТВО

«Японская реконструкция» спустя 20 лет

В истории любого крупного предприятия есть вехи, разделяющие его жизнь на «до» и «после». Для Атырауского нефтеперерабатывающего завода таким поворотным-эпохальным этапом стали 2003-2006 годы. Именно тогда была реализована легендарная «Японская реконструкция» – грандиозный проект модернизации, который не просто обновил технологические установки, а задал совершенно новую культуру производства, высочайшие экологические стандарты и открыл заводу путь в будущее.

Спустя два десятилетия мы оглядываемся назад, чтобы увидеть: решения той поры не просто выдержали испытание временем – они ежедневно продолжают служить фундаментом, на котором держится ритмичная и надежная работа АНПЗ. В одном из прошлых номеров нашей газеты мы подробно рассказывали о ключевом объекте «Японской реконструкции» – комбинированной установке ГБД (КУГБД), пуск которой стал мощным импульсом для повышения качества моторных топлив и перехода на новые технологические стандарты. Однако масштабная модернизация 2003-2006 годов не ограничилась лишь КУГБД.

Сегодня мы продолжаем разговор о грандиозном проекте, изменившем АНПЗ, и рассказываем о других важнейших объектах реконструкции – БОС, градирне оборотного водоснабжения и комплексе производства серы, которые вот уже 20 лет обеспечивают экологическую безопасность и стабильность нашего производства.

ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ РЫВОК, ОПЕРЕДИВШИЙ ВРЕМЯ

В начале 2000-х перед заводом стоял стратегический вызов: выйти на принципиально новый уровень переработки нефти, освоить выпуск моторных топлив экологического стандарта Евро-2, повысить глубину переработки и внедрить передовые технологии. Проектирование и поставка оборудования велись мировой корпорацией JGC, а вот весь колоссальный объем строительных, монтажных и пусконаладочных работ лег на плечи наших заводчан.

Для коллектива АНПЗ это был период настоящей школы мастерства. Именно тогда на заводе впервые массово внедрялась распределительная система управления (PCU) на базе микропроцессорной техники – шаг, совершивший революцию в контроле технологических процессов. Появились современные процессы гидроочистки, производства водорода и утилизации серы. Завод буквально на глазах превращался в современное высокотехнологичное производство.

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ БРОНЯ: БОС И ЧИСТОТА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ

Особой гордостью проекта «Японской реконструкции» стало создание комплекса биологических очистных сооружений (БОС). До 2006 года завод полагался преимущественно на механическую очистку стоков. Внедрение же биологической стадии, где микроорганизмы эффективно нейтрализуют органические загрязнения, стало настоящим экологическим прорывом.



Схема работы БОС – это сложное и выверенное многоступенчатое производство: от флокуляции и флотации до фильтрации, хлорирования и обезвоживания шлама. Цифры очистки воды поражают своей эффективностью и сегодня: содержание нефтепродуктов на выходе снижается с 48 до 1,53 мг/л – более чем в 31 раз; взвешенные вещества уменьшаются с 90 до 7 мг/л – почти в 13 раз; показатель БПК снижается с 150-200 до 11 мг/л; до 20-23% очищенной воды возвращается прямо в производственный цикл завода, бережно сохраняя водные ресурсы.

Надежность архитектуры БОС доказана временем. Даже когда в 2023-2024 годах в рамках масштабного экологического проекта *Tazalyq* были модернизированы механические очистные сооружения (их мощность довели до 1000 м³/час), база БОС осталась прежней. Проект «Японской реконструкции» дал тот самый задел прочности, который гармонично принимает новые мощности.

ВОДА И СЕРА: ЭНЕРГИЯ РАЦИОНАЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА

Параллельно с БОС в феврале 2006 года была введена в строй градирня оборотного водоснабжения. Это настоящий «пульсирующий океан» завода, питающий охлаждающей водой ключевые технологические гиганты: установки ЭЛОУ-АТ-2, ЭЛОУ-АВТ, УЗК, блоки производства водорода и серы. Секции освещения подпиточной воды (120 м³/ч), охлаждения циркулирующей воды (2700 м³/ч) и фильтрации ежедневно стоят на страже температурного режима всего предприятия.

Еще одним триумфом инженерной мысли стал Комплекс производства серы. Заводчане доказали: побочный и вредный сероводород можно превратить в востребованный товар. На базе технологий Клаус и СВА (Cold Bed Absorption) был создан блок утилизации производительностью 26 тонн серы в сутки. А запущенный блок кристаллизации U-34 мощностью 4 тонны в час позволил АНПЗ выпускать гранулированную серу высшего качества – с чистотой не менее 99,9%.

До сих пор на установке в бессменном строю работают «титаны» той модернизации: термореактор 33-F-001, реактор Клаус 33-R-001, реакторы СВА 33-R-002 и 33-R-003, колонна дегазации 33-T-001 и электронагреватель 33-E-004. Оборудование, прослужившее 20 лет, – это лучший знак качества.

ГЛАВНЫЙ КАПИТАЛ – НАШИ ЛЮДИ И ЗОЛОТЫЕ РУКИ

Но за любыми цифрами, тоннами, реакторами и трубами всегда стоят люди. Технологии – это лишь инструмент, а оживляют их знания, мандат ответственности и ежедневный созидательный труд наших заводчан.

Мы с гордостью и глубоким уважением перечислим имена первопроходцев и ветеранов, которые принимали первые тонны сырья и осваивали новые объекты: основатели практической школы на биологических очистных сооружениях (БОС) – начальник ЦОСИП К.Ж. Сагизбаев, начальник установки БОС С.С. Елтаев, а также аппаратчики Е.С. Дюсенабаев, С.С. Нурлыбаев, Р.Ж. Утебаев; специалисты, отдавшие десятилетия жизни на градирне оборотного водоснабжения – аппаратчики Р. Утегенов и К. Кузенбаев, машинисты У. Мухамбеткалиев и А. Садыков; первопроходцы пусконаладки на производстве серы – операторы Е. Джунусов, А. Гордеев, А. Тергушев, К. Толстов, М. Далабаев, Р. Жубанов, Р. Таумурунов, Н. Кабдрашев, А. Дюсегалиев, Т. Исмуханов, Р. Тилембаев,



Д. Артеменко; машинисты Б. Кенжегалиев, К. Сисенов, А. Чернов; инженерно-техническое руководство – механик В. Джумуров и начальник установки Ж. Тулеуов.

Сегодня их дело находится в надежных руках достойных преемников. На установках с гордостью работают А. Каюбаев, А. Бисенов, А. Рубцов, С. Тусупкалиев, А. Нургалиев, Б. Джаксликов, Б. Саркенов, Б. Мухиев, Д. Сакесов и многие другие. Именно эти люди хранят традиции, передают опыт молодым специалистам и ежеминутно обеспечивают технологическую безопасность завода.

ЭСТАФЕТА ПОКОЛЕНИЙ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Двадцать лет для завода – это целая эпоха. Менялись поколения, обновлялись регламенты, внедрялись цифровые системы. Но прочность фундамента, заложенного в 2003-2006 годах, превзошла все ожидания.

«Японская реконструкция» доказала: если делать дело с умом, опережая время и с любовью к родному заводу, результат будет служить верой и правдой десятилетиями. Поздравляем коллективы цехов, установок БОС, производства и очистки водорода и производства серы с 20-летним юбилеем этой исторической вехи! Ваш труд – это главная сила и слава Атырауского НПЗ!

ДЕМАЛЫС

БІР ЖАЗ. МЫҢ ӘСЕР.

Жазғы демалыс - балалардың жаңа ортаға бейімделіп, өз қабілеттерін байқап, ұмытылмас әсер жинайтын ерекше кезең. Биыл Атырау мұнай өңдеу зауыты қызметкерлерінің балалары үшін жазғы демалыс мазмұнды әрі әсерлі өтті.

2026 жылғы 14 маусым мен 14 тамыз аралығында Атырау МӨЗ қызметкерлерінің 339 баласы Алматы қаласындағы AB FAMILY Camp (Ak-bulak) балалар сауықтыру орталығында демалды. Зауыт пен лагерь арасындағы ынтымақтастықтың биыл 12 жылға ұласуы – балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бағытындағы тұрақты жұмыстың нәтижесі. Осы жылдар ішінде лагерьде қызметкерлердің бірнеше буын балалары демалды. Кейбір бүлдіршіндер мұнда алғаш рет келсе, енді бірі лагерьге қайта оралып, бұрынғы достарымен қауышты. Әр ауысымда олар үшін жаңа орта, жаңа тапсырмалар мен жаңа мүмкіндіктер ұсынылды.

БІР ЛАГЕРЬ –
САН ТҮРЛІ МҮМКІНДІК

AB FAMILY Camp Іле Алатауының көркем табиғаты аясында орналасқан. Тау ауасы, өзеннің сылдыры, қайың тоғайы мен биік шыңдар балалардың жазғы демалысына ерекше әсер берді. Балалар тауға жорықтарға шығып, табиғат аясында серуендеп, арқанжолмен экскурсияға қатысты. Мұндай сапарлар барысында олар табиғатты тамашалап қана қоймай, бір-біріне көмектесуге, топпен ерекет етуге және қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренді. Ал AB DOKIA жобасы балаларға ерекше эмоция сыйлады. Әуе шарымен көтерілу – көпшілік үшін алғашқы тәжірибе. Бірі биіктіктен қорқынышын жеңсе, енді бірі тауларды жоғарыдан тамашалап, жаңа әсерге бөленді.

Лагерьдегі демалыс бағдарламасы балалардың қызығушылығын жан-жақты қамтыды. Шығармашылық бағытта балалар сурет салып, сәндік-қолданбалы өнермен айналысып, өз қолдарымен түрлі бұйымдар жасап, сахналық қойылымдар мен концерттік бағдарламаларға қатысты. Кейбірі костюмдер дайындап, өз образдарын таныстырса, енді бірі шағын фильмдер түсіріп, актерлік қабілетін сынады.

Білім беру бағыты да назардан тыс қалмады. Ағылшын тіліндегі ойындар мен тапсырмалар арқылы балалар тілдік дағдыларын жетілдірсе, ұлттық ойындар мен танымдық квесттер арқылы ел тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін толықтырды. Осылайша лагерьдегі әр күн баланың өзін жаңа қырынан байқап көруіне мүмкіндік берді. Бір бала спортта белсенділік танытса, екіншісі шығармашылықта, үшіншісі сахнада немесе командалық жұмыста қабілетін көрсетті.

Балалардың қуанышы, жаңа жетістіктері мен жарқын естеліктері зауыт үшін осы жаздың ең жақсы нәтижесі. Бір жаз аяқталды. Бірақ одан қалған мың әсер мен жылы естелік балалардың жүрегінде әлі ұзақ сақталмақ.

Ескертпе: Атырау МӨЗ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында кәсіпорын балалар лагерьіне жолдама құнының 70%-ын төлейді. Ал 18 жасқа дейінгі бес баласы бар отбасылардың балалары үшін жолдама құнының 70%-ын кәсіпорын, қалған 30%-ын кәсіподақ ұйымы өтейді.



Александр Гушин
Анасы: Марта
Мирасова, Кокс және
күкірт өндірісі цехының
қызметкері

«В этом лагере я бываю уже в 3 раз и всегда оставался довольным. Я отдыхал в лагере с 27 июля по 5 августа. В лагере интересные и разнообразные вечерние программы, отличные вожатые, климат идеальный по сравнению с Атырау, также там довольно вкусная еда для лагеря. Мне очень повезло с отрядом и вожатыми т.к. почти все друг друга знали и быстро нашли общий язык, а вожатые всегда помогали нам в трудных ситуациях и предлагали свои идеи. После лагеря остались отличные эмоции и воспоминания, которые запомнятся мне еще надолго. Наша подготовка к мероприятиям была особенно интересной т.к. участвовали все и каждый приложил свои усилия в общий результат и это самое приятное.»



Еркежан Аманқызы
Анасы: Амангуль
Нурсултанова,
Активтерді басқару
бөлімінің қызметкері

«Тамыз айында Алматыдағы «Ақ бұлақ» сауықтыру лагерінде демалып қайттым. Бұл – менің лагерьге бесінші рет баруым, және әр сапарым ерекше естеліктерге толы. Биылғы демалыста тауға жорық жасап, қызықты іс-шараларға қатысып, жаңа достар таптым. Вожатыйлар мен ұйымдастырушылардың арқасында лагерьдегі күндерім көңілді әрі ұмытылмас өтті. Осындай керемет демалыс сыйлағандарыңызға үлкен рақмет!»



Нұртілек
Жанас
Әкесі: Қуандық
Таспанов,
Хош иісті
көмірсутектер
өндірісі цехының

қызметкері

«6 тамыз бен 15 тамыз аралығы «Ақ бұлақ» лагеріне бардым. Бұл 2-ші рет баруым. Маған қатты ұнады! Әр түрлі программалар ұйымдастырылған: бассейн, арт-студия, дискотека, АБ сұлтан мен аруы, атқа міну, квадроцикл айдау және т.б. Тамақтары өте дәмді әрі дәрмендерге бай болды. Орналасқан жері тауда, сонысымен де ұнады! «Атырау МӨЗ» ЖШС ұжымына және Асқар тау Әкеме алғысым шексіз, осындай керемет естен кетпес жазғы демалысым үшін!»

Айшат Фаритова
Анасы: Айгуль Ерманова,
«Семсер – өрт сөндіруші»
ЖШС БФ қызметкері



«Мен «Ақбұлақ» лагерінде 6-15 тамыз аралығында демалдым. Бұл – менің лагерьге төртінші рет баруым. Маған мұндағы әсем табиғат, ерекше атмосфера және тәрбиешілердің балаларға деген жылы қарым-қатынасы өте ұнайды. Демалыс барысында көптеген қызықты шараларға қатыстым. Әсіресе, әр екі-үш күн сайын өтетін «свечка» ерекше есте қалды. Егер тағы мүмкіндік болса, «Ақбұлаққа» міндетті түрде қайта барар едім.»

QUIZ

Зерек мұнай өңдеуші



Құрметті зауыттықтар, сіздерді Мұнай-газ кешені қызметкерлері күнімен және осы кәсіби мерекемен тұспа-тұс келген Атырау МӨЗ-дің 81-ші туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы айтулы мерекеге орай, зауыт газетінің тарихында алғаш рет арнайы интеллектуалды-логикалық сайыс айдарын ұсынамыз. Бұл – тек білімді тексеру емес, зерде мен тапқырлықты таразылайтын, кәсіби саламызға қатысты қызықты интеллектуалды ойын.

Төменде берілген логикалық сұрақтардың шешімін бірінші болып тапқан 5 оқырманға зауытымыздың арнайы символикалық естелік сыйлықтары табыс етіледі.

Жауаптарыңызды өзіңізге ыңғайлы мына тәсілдердің бірімен жібере аласыз:

- Корпоративтік электронды пошта арқылы (zh.bissenova@anpz.kmg.kz);
- WhatsApp желісіне хабарлама ретінде (8 778 144 98 87);
- Жауап жазылған газет бетше Баспасөз қызметінің кабинетіне тікелей әкеліп тапсыру арқылы.

Жылдамдық пен тапқырлық танытып, мерекелік сыйлықтың иегері атаныңыздар!

Логикалық сұрақтар:

1. Қазақ мұнайының ИКСІ Атырау өңірінен шыққан атақты мұнайшы. Қызығы, діңдегі ИКСІтің әйелі мен бала-шағасы болмайды.

Бірақ жерлес ғалымымыз өзінің жолын жалғаған ұрпаққа өте бай болған. ИКСІті жазыңыз.

2. ОЛ зауытымыздан шыққан ең алғашқы өнімдердің бірі. ОНЫ көбіне жөндеу жұмыстары кезінде пайдаланады. Біз жасырған сөзді қазақшаға аударсаңыз президентіміздің сүйікті тұлпарының аты шығады. ОЛ не?

3. ИКС Еділ мен Каспий бойын жайлаған, қуатты қағанат құрған көшпелі түркі халқының атауы. Сондай-ақ ОЛ Әзербайжанда шығарылатын отандық жеңіл көлік бренді. Атырау МӨЗ-де өндірілген суыққа төзімді өнім атауы да ИКС деп аталған. ИКСІті латын әріптерімен жазыңыз.

4. XIX ғасырда ОЛ сән әлеміндегі бағалы мата атауы. XX ғасырда автомобиль өндірісіне еніп, қанаты мен корпусы тұтасқан көлік дизайнын сипаттайды. Бұл сөздің түп төркінін латын тілінен аударғанда «көпір» деген мағынаны береді. Ал Атырау МӨЗ ОНЫ экология сөзімен қатар көп қолданады. ОНЫ жазыңыз.

5. АҚШ-та ИКС деп шағын елдімекендерді атайды. Сондай-ақ Миннесота штатындағы бір қаланың да аты ИКС деп аталады. «ИКС пен оның ұлдарының» біздің зауытқа да қатысы бар. ИКС-ті сүтқоректілер түріне жататын жануардың ағылшынша атауымен жазыңыз.

Уважаемые заводчане, искренне поздравляем вас с Днем работников нефтегазового комплекса и с 81-летием Атырауского НПЗ, совпавшим с этим профессиональным праздником!

В честь этого знаменательного события мы впервые в истории заводской газеты представляем специальную рубрику интеллектуально-логического конкурса.

Это не просто проверка знаний, а интересная интеллектуальная игра, посвященная нашей профессиональной сфере, которая позволит оценить вашу эрудицию и находчивость.

Первым 5 читателям, правильнее и быстрее всех нашедшим решения представленных ниже логических задач, будут вручены специальные символические памятные подарки от нашего завода.

Вы можете отправить свои ответы одним из удобных для вас способов:

- По корпоративной электронной почте: zh.bissenova@anpz.kmg.kz
- Сообщением в WhatsApp: 8 778 144 98 87
- Путем личной доставки бумажку с написанными ответами в кабинет Пресс-службы.

Проявите скорость и находчивость и станьте обладателем праздничного подарка!

Логические вопросы:

1. ИКС казахстанской нефти – знаменитый нефтяник, уроженец Атырауской области. Интересно, что у ИКСа в религии

не бывает жены и детей. Но наш земляк-ученый был очень богат на преемников, продолживших его путь. Напишите ИКС.

2. ОНО – один из самых первых продуктов, выпущенных нашим заводом. Его чаще всего используют во время ремонтных работ. Если перевести загаданное нами слово на казахский язык, получится имя любимого скакуна нашего президента. Что ОНО такое?

3. ИКС – название кочевого тюркского народа, создавшего могущественный каганат в Поволжье и Прикаспии. Также ЭТО бренд отечественного легкового автомобиля, выпускаемого в Азербайджане. Название морозостойкого продукта, производимого на Атырауском НПЗ, также именовалось ИКС. Напишите ИКС латинскими буквами.

4. В XIX веке ОНО – название дорогой ткани в мире моды. В XX веке ОНО вошло в автомобилестроение и описывает дизайн автомобиля, где крылья и корпус соединены в единое целое. Корень этого слова в переводе с латинского языка означает «мост». А Атырауский НПЗ часто использует ЭТО слово наряду со словом «экология». Напишите ЕГО.

5. В США ИКСом называют небольшие населенные пункты. Также имя ИКС носит один из городов в штате Миннесота. «ИКС и его сыновья» имеет отношение и к нашему заводу. Напишите ИКС (название животного, относящегося к классу млекопитающих) на английском языке.